

Кеден және салық төлемдеріне бақылау жасау туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің өкімі 1998 жылғы 14 мамырдағы N 85

Негізсіз кеден және салық жеңілдіктерін берудің жалғасып келе жатқан фактілеріне байланысты, сондай-ақ кеден және салық төлемдерінің бюджетке толық түсуін қамтамасыз ету жөніндегі үкіметтік актілердің атқарылуына бақылау жасау мақсатында :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық полициясы комитеті: 1998 жылдың 15 маусымына дейін мерзімде 1997 жылғы 18 шілдеге дейін жасалған импорттық келісім-шарттар бойынша дербес тәртіппен ақы төлеу фактілерін белгілеу үшін "Келісім-шарттарға ақы төлеуді растау туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің 1997 жылғы 28 тамыздағы N 209 бұйрығымен құрылған жұмыс комиссиясының қызметіне жан-жақты және мұқият тексеру жүргізсін;

1997 жылғы 18 шілдеге дейін жасалған келісім-шарттар бойынша кеден және салық төлемдерін төлеуден босату түрінде бюджетке төлемдер бойынша негізсіз жеңілдіктер беру фактілері анықталған жағдайда қажетті шаралар қабылдасын.

Тексерулер жүргізу кезінде 1997 жылғы 18 шілдеге дейін жасалған келісім-шарттар бойынша қайта төлеуді жүзеге асырмау жағдайына, сондай-ақ келісім-шарт бойынша тараптар болып табылмайтын тұлғаларға төлемдер енгізудің құқықтық заңдылығы тұрғысына айрықша назар аударсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық полициясы комитетінің қызметкерлері мен оның органдарына жұмыс тобының барлық материалдарын, оның ішінде тауарды әкелушілердің төлем тапсырмаларын, қаражатты уәкілетті банктердегі тауарды әкелушілердің шотынан есептен шығару туралы құжаттардың көшірмелерін (қаражаттың тауарды нақты әкелушілердің шотынан және нақты тауарлар бойынша қозғалысы туралы көшірмелер), қаражаттың аударылуын растау ретінде шетелдік банктерден уәкілетті банкке түскен құжаттардың көшірмелерін беруді, сондай-ақ олар сұрататын барлық материалдарға қол жеткізуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық полициясы комитеті бір айлық мерзім ішінде істелген жұмыстар туралы ақпарат ұсынсын.

П р е м ь е р - М и н и с т р

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК